

**Кеген ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Алматы облысы Кеген аудандық мәслихатының 2024 жылғы 13 маусымдағы № 21-102 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Кеген аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кеген ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Кеген ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Лауазымы*

*Аты-жөні*

Кеген аудандық мәслихатының 2024 жылғы " " \_\_\_\_\_ № шешіміне № 1 қосымша

**Алматы облысы Кеген ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жинақталудың есептік нормалары, м3/жыл
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,60
2	Жатақханалар, интернаттар.	1 орын	0,64
3	Қонақ үйлер, демалыс үйлері	1 орын	0,83
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,54
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,83
6	Емханалар	1 адам	0,02

7	Ауруханалар өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,59
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,19
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	1,34
10	Концерт залдары	1 орын	0,26
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,01
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,02
13	Спорт, және би залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,03
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м2	0,86
15	Көліктегі сауда	Сауда орны 1 м2	0,86
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,61
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,42
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,05
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,14
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,51
21	Автовокзалдар	Жалпы алаңы 1 м2	0,31
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,62
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	5,84
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,64
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,01
27	Тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,33
28	Зергерлік, аяккіімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,23

29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмы сорны	0,24
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,48
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,23

Кеген аудандық маслихатының 2024 жылғы " " \_\_\_\_\_ № шешіміне № 2 қосымша

**Кеген ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер**

№	Атауы	Есептік бірлік	Бағасы теңгемен (айына)
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, шығару тарифі		
1.1	жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғынға	170
1.2	заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері	1 текше метр	1275
2	қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму тарифі		
2.1	заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері	1 тонна	3823